

Стамшалов Еркін Иманғазыұлының
8D02206 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі
босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Кеңес өкіметінің қоғамның экономикалық мен әлеуметтік құрылымын түбірінен өзгертіп, қайта құру саясаты бірқатар табыстарға жеткізгені белгілі, алайда бұл саясат жеке аймақтардың дамуының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін ескермеу, мәжбүрлеу және құғын-сүргін саясатымен қабаттас жүргізілгендіктен, оның нәтижелелрі қоғамда орасан зор қиыншылықтар туғызды, қиналған халықтың елден тысқары жақтарға жаппай босуына әкелді. Босқындар жат жерде өте ауыр жағдайда өмір сүрді, бұл жағдайға халықаралық ұйымдар назар аударып, босқындық мәселесін талқылап, көмек ұйымдастырумен айналысты. Алайда халықаралық ұйымдардың назарына босқындардың белгілі бір категориялары ғана ілікті, олардың назарынан тыс қалған босқындар да баршылық еді. Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарынан Қытайға және басқа шекаралас жерлерге үдере көшкен халық осындай босқындар тобына жатады.

Е.И.Стамшаловтың диссертациясына арқау болған осы мәселе бүгінге дейін арнаулы зерттеулердің негізгі тақырыбы болмай, тек қана басқа зерттеу міндеттерін шешуге арналған еңбектерде үстірт қана қаралып кеткен болатын. Кеестік кезеңдегі еңбектерде қазақтардың шекара асып босуы партия мен жергілікті билік басшыларының қателігі, байлардың кеңес өкіметіне қарсы жүргізген үгіт-насихатының салдары ретінде сипаталды. Ал қорғауға ұсынылып отырған диссертация оңтүстік-шығыс Қазақстаннан шетке кеткен босқындардың тарихын объективті түрде, ғылыми негізде талдауға бағытталған.

Диссертациялық зерттеудің деректік базасы өте бай, автор Ресей Федерациясы мен Қырғыз республикасының орталық архивтеріндегі, Қазақстан Республикасы Президенті архиві мен Орталық мемлекеттік архивтегі материалдарды жинақтап, талдаумен қатар еліміздің облыстық, аймақтық, аудандық архивтеріндегі, жалпы алғанда үш елдің 13 архивіндегі деректерді саралаған. Бай деректер қорының жинақталуы авторға босқыншылық тарихын жан-жақты, терең зерттеуге мүмкіншілік берген. Е.И.Стамшалов қазақ босқындары тарихын дүниежүзілік миграциялық процесс аясында қарастырып, зерттеліп отырған кезіндегі қазақ босқыншылығын «мәжбүрлі миграция» ретінде талдаған.

Диссертация авторы, Қытаймен шекаралас аудандар архивтерінің материалдарына сүйене отырып, кеңес өкіметінің босқындарға қатысты аясатының қалыптасуы мен эволюциясын талдаған. Босқындардың ауыр тағдырын сипаттай отырып, автор жокшылық көрген, арасында өлім-жітім көбейген босқындардың Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік

Республикасының Орталық Атқару Комитеті құрған босқындар мәселесімен айналысатын Ерекше комиссиянан көмек алып, ес жиғанын сипаттайды. Зерттеуде талданған деректердің қатарында кеңестік биліктің жергілікті мекемелерінің есепті баяндамалары, статистикалық есептері, орталық мекемелермен жазысқан хаттары аталған мәселені объективті түрде, жан-жақты талдауға және бағалауға негіз болған.

Диссертациялық жұмыста Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарынан Қытайға және басқа шекаралас жерлерге босу тарихының зерттеліп отырған тарихи уақыт шегіндегі негізгі кезеңдері анықталған. Бірінші кезең көтеріліс, революция, азамат соғысымен байланысты болса, екінші кезең кеңес билігінің ауыл шаруашылығын модернизациялау саясатымен байланысты болғаны ғылыми түрде негізделген. Екі кезеңнің ара жігін анықтайтын мерзім ретінде 1926 жылдың алынуы да дәлелді және ғылыми негізі бар ұсыныс. 1925 жылы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасындағы жерге орналастырудың және қазақ шаруашылығын отырықшылыққа көшірудің перспективалық жоспары қабылданды. Седентаризация саясатын іске асырудың әдістері мен формасы бұл қазақ қоғамын алда болуға тиісті ауылшаруашылығын ұжымдастыру саясатына дайындау әрекеті екендігін көрсетті. Седентаризация мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясаты қазақ қоғамының ауқатты бай топтарының меншігін тәркілеу және өздерін жер аудару саясатымен қатар жүрді. Осылайша қазақ қоғамының отырықшылыққа көшірілуі табиғи жағдайлармен байланысты тарихи процесс ретінде емес, биліктің әкімшілік саясаты арқылы іске асырылып, қазақ қоғамында аса ауыр зардаптарға әкелді. Бұл қарулы қосқыншылық құбылысының тууына әкелді, диссертациялық зерттеуде қарулы босқыншылық қазақ шаруаларының кеңес билігінің әкімшілік зорлығына қарсы күрестің бір формасы ретінде қарастырылған.

Диссертациялық зерттеуде оңтүстік-шығыс Қазақстан халқының шет жерлерге босуының себептерімен қатар ауыр зардаптары да жан-жақты талданған. Автор босқыншылықтың зардаптарының бірі ретінде демографиялық мәселені алған да, жергілікті халықтың Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарынан Қытайға және басқа шекаралас жерлерге жаппай босуы аймақ тұрғындарының санын айрықша азайтып жібергенін деректермен дәлелдеген. Мұның өзі кеңес өкіметін босқындарды туған жеріне қайтару және Қазақ АКСР Семей және Алматы облыстарының аударына орналастыру шараларын жүргізуге мәжбүр етті. Зерттеуде репатриация мәселелері де терең талданып, соған сәйкес қорытындылар жасалған.

Жалпы алғанда диссертациялық зерттеудің қазіргі бірқатар зерттеу жұмыстарынан айырмашылығы – кеңес өкіметінің саясатын жалаң сынау, соған орай «отаршылдық саясат» деген түсінікті онды-солды қолдану емес, ғылыми тұрғыдан ақиқатты ашуында болып отыр. Сондай-ақ диссертациялық зерттеудің авторы өз бетінше зерттеу жүргізумен қатар, батыл пікірлер айтып, ой қорытындылай алатын ғалым ретінде көрініп отыр.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен мазмұны тақырыпқа сәйкес және логикалық бірізділік жақсы сақталған. Жұмыстың ғылыми-анықтамалық аппараты сауатты, логикалық жүйесі сындарлы, тілі жатық. Тарихи деректерді пайдаланғанда зерттеудің жүйелілік, логикалық, түсініктемелік және салыстырмалылық әдістерін қолданған. Диссертациялық зерттеудің сілтемелері мен пайдаланылған деректер тізімі ғылыми зерттеулерге қойылатын жана талаптарға сай рәсімделген.

Еркін Иманғазыұлы Стамшаловтың «Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар)» тақырыбына жазылған диссертациясын толық аяқталған және ғылыми негізде жазылған зерттеу жұмысы ретінде Диссертациялық кеңестің алдында ресми түрде ашық қорғауға ұсынамын.

Ғылыми кеңесші:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
дүние жүзі тарихы, тарихнама және
деректану кафедрасының
профессоры, т.ғ.д.

Г.К. Көкебаева

